

Талдықорған облысы бюджеттік мекемелердің борыштары бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1769

Қысқы кезеңде Талдықорған облысының энергиямен жабдықтаушы ұйымдарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік мекемелерінің берешектерін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Талдықорған облысының әкімі мен "Қарағандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының "Қарағанды көмір бассейнінің кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1715 қаулысына сәйкес 1-қосымшаға сай, Талдықорған облысының "Гортеплокоммунэнерго" мемлекеттік кәсіпорнына көмір беру есебіне 50 (елу) миллион теңге сомасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі арқылы аталған кәсіпорынға бөлінген несиенің бір бөлігін өтеу туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкімен бірлесіп "Гортеплокоммунэнерго" мемлекеттік кәсіпорнына оларға көмір беру есебіне "Қарағандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамына бөлінген несиеге қатысты берешегін өтеуді жүргізсін;

1-тармақта аталған сома қоса беріліп отырған тізбеге

(2-қосымша) сәйкес "Гортеплокоммунэнерго" мемлекеттік кәсіпорнының оларға көрсеткен коммуналдық қызметі үшін құралған берешегін өтеуге республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Талдықорған облысының бюджеттік мекемелерін қаржыландыру есебіне есептесін.

3. Берешек есептемесі 1996 жылға арналған республика бюджетінің кіріс және шығыс бөліктерінде аталған сома көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1769 қаулысына
1-қосымша

"Карагандашахтауголь" жабық үлгідегі акционерлік
қоғамының Талдықорған облысының "Гортеплокоммунэнерго"
мемлекеттік кәсіпорнына көмір беруі

Көлік шығыстары мен ҚҚС Саны,	Сомасы,
ескеріле отырып	тонна млн. теңге
прейскурант бойынша	
бағасы, 1 тоннасы	
үшін теңгемен	

Көмір маркасы

Кр (қатардағы)

0-200 мм	1573	31786	50
----------	------	-------	----

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1769 қаулысына
2-қосымша

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және
тұтынған жылу және электр энергиясы үшін есептемеге
алынатын берешегі бар бюджеттік мекемелердің
ТІЗБЕСІ

(мың теңге)

|Берешек сомасы, барлығы

Білім министрлігі	26000
Мемлекеттік тергеу комитеті	4874
Ішкі істер министрлігі	9406
Қорғаныс министрлігі	9720

Жиыны	50000
-------	-------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК